



## Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 444 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 315 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.31 № 315 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 4                      ж ы л ғ ы                      2 1                      с ә у і р д е г і  
N                      4 4 4                      қ а у л ы с ы м е н  
мақұлданған

## **Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс Тұжырымдамасы**

### **1. Кіріспе**

Әлемдік қауымдастық Қазақстан Республикасын демократиялық және зайырлы мемлекет ретінде таныды. Кез келген елдің мемлекеттілігін айқындайтын негіз қалаушы фактор оның тілі болып табылады.

Көп ғасырлық тарихы бар қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты оның қоғамдық маңызы арта түсті. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қоғамдық функциясын дамытуда, оның қолданылу аясын кеңейтуде ұлттық терминологияны реттеудің, жүйелеу мен дамытудың ерекше маңызы бар.

Ұлттық тілді дамытуға мүдделі өркениетті мемлекеттерде тіл саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде терминология проблемаларына үлкен мән

беріледі. Германия, Франция, Ресей сияқты елдерде терминология комитеттерінің, комиссиялары мен қоғамдық институттарының жұмысы жолға қойылған. Олар өздерінің терминологиялық жұмыстарды үйлестіру және ұйымдастыру жөніндегі қызметін мемлекеттік деңгейде жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар терминологиялық жұмыстардың негізгі салалық ғылыми-әдістемелік бағыттарын да айқындайды. Бұл ретте нысаны жағынан болсын, сол сияқты мазмұны жағынан да ұлттық ерекшелікті сақтауға айрықша м ә н б е р і л е д і .

Қазақстан тілдің өзара іс-қимылын, тіл құрылымын, оның ішінде терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі қызметте халықаралық қатынастардың тең құқықты субъектісі ретіндегі тәуелсіз мемлекет бола отырып, әлемдік тәжірибенің неғұрлым оң үрдістерін тиімді пайдалануға тиіс. Тәуелсіз мемлекеттің тілді дамыту саласындағы ғылымы елдің барлық рухани-мәдени өмірінің оң ілгерілеуіне және прогресіне сәйкес келуі тиіс. Қоғамдық өмірдің маңызды салаларында қолданылу аясын кеңейтуді талап ететін мемлекеттік тілдің қазіргі жай-күйі, оның даму перспективалары ұлттық терминологияның даму деңгейімен, оны реттеумен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және оның қолданылу аясының ауқымымен өзара тығыз байланысты.

Ұлттық терминология саласындағы қол жеткен нәтижелер мен орын алған кемшіліктерді талдай отырып, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының қазіргі кезеңіндегі өзекті негізгі мақсаттар мен міндеттерді басшылыққа ала отырып оны дамытудың қағидаттары мен бағыттарын белгілеу қажет, осыған байланысты еліміздегі демократиялық өзгерістерге сәйкес келетін терминология саласындағы жұмыстарды одан әрі дамыту, жүйелеу мен үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасындағы терминологиялық жұмыстың біртұтас тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігі туындап отыр.

Тұжырымдама салалық және салааралық ғылыми терминдерді қалыптастыруға, ғылым салалары бойынша сөздіктер дайындауға, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге, оны бір жүйеге келтіруге, терминдер жасауға негізгі бағыттар сілтейді.

## **2. Терминологиялық ахуалдың сипаттамасы**

Қазақ терминологиясының дамуы ұлттық тілдің дамуымен, оның қалыптасуының тарихымен өзара тығыз байланысты.

А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, Т.Шонанов, Ә.Ермеков, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабаев, Н.Төрекұлұлы сияқты ағартушы қазақ зиялыларының өкілдері өткен ғасырдың бірінші он жылдығынан бастап қазақ тілінде алғашқы оқулықтарды шығарып,

орыс тілінен кейбір шығармаларды аудара бастады. Қазақ зиялыларының өкілдері ғылымның кейбір салалары бойынша сол тарихи кезеңнің қажеттіліктеріне сәйкес терминологиялық атаулар жүйесін іріктеуді ғылыми негізде жүргізді.

Ұлттық терминологияның қалыптасуына, әсіресе нақты ғылыми салалар мен жекелеген пәндерге деген мұқтаждықты қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқан ұлы ғалым А.Байтұрсыновтың еңбегі айрықша маңызға ие болды.

Қоғамдық сананың ғылыми нысанын дамытуда және оны тереңдетуде, ғылыми танымның ауқымын кеңейтуде жоғарыда аталған ғалымдар еңбектерінің ықпалы өлшеусіз мол болды. Тап осы кезең - қазақ тілін әртүрлі салаларда байыту мен дамыту кезеңі болды. Осылайша, тілде терминологиялық сипаттағы жаңа атаулар мен сөз орамдары пайда болды.

XX ғасырдың 10-30 жылдарындағы, А.Байтұрсынов кезеңіндегі ұлттық терминологияның ең басты ерекшелігі - бұл термин ретінде қазақтың байырғы сөздерін кәдеге жарату және жалпы халық тілінің сөз байлығын барынша пайдалану болды. Алайда, бұл қағидаттың ғұмыры қысқа болды.

1940 жылдан бастап идеологиялық қысымның салдарынан терминдерді аудармасыз қолдану не орыс тіліндегі нысанын өзгеріссіз сақтау практикасы кеңінен енгізіле бастады. Әсіресе, 1960 жылдардан бастап жасалған терминдердің ішінде қазақ терминдерінің саны шектеулі болды. Дегенмен, 1940-1990 жылдар кезеңінде 150-ден астам терминологиялық сөздік шығарылды. Олардың ұлттық терминологияны қалыптастырудағы оң маңызын теріске шығаруға болмайды.

Кеңес дәуірінде қазақ терминологиясында орыс және шетел терминдері сыни талғамсыз қолданылды, қазақ терминологиясының басты қағидаттары еленбей қалды. Орыс тілінен енгізілген терминдер және орыс тілі арқылы келген халықаралық терминдер орыс тіліндегі сияқты өзгеріссіз қолданылуы тиіс деген ереже күштеп енгізілді және осы нұсқау заңдастырылды.

Осы кезеңде шығарылған терминологиялық сөздіктердің көпшілігі басқа тілдерден алынған терминдердің негізінде әзірленді. Нәтижесінде терминология жүйесінде қазақ сөзінің үлес салмағы мүлдем аз болды. Осылайша, қазақ терминологиясы өзінің ұлттық келбетін жоғалта бастады.

Егемендік алуға және қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесінің берілуіне байланысты ұлттық терминология проблемаларына ерекше мән беріле бастады. Қазақ терминологиясының ұлттық ерекшелігін жаңғырту үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Бұрынғы ондаған шет тілі терминдеріне сәтті қазақша баламалар таңдалып алынды. Тәуелсіздік жылдары әртүрлі ғылым салалары бойынша шығарылған сөздіктердің жалпы саны жүзден асып жығылады.

Соңғы жылдары ресми іс жүргізу саласында, бұқаралық ақпарат

құралдарында және білім беру мекемелерінде мемлекеттік тілді пайдаланудың үлес салмағы арта бастады. Қазақ тілін жазбаша және ауызша нысанда қолданудың жандануына байланысты зерттеушілердің басым көпшілігінің назары тілдің ішкі мүмкіндіктерін зерттеуге аударылды. Сондай-ақ, сөзжасамдық белсенділік те жаңа сапалы деңгейге көтерілді.

Іс тәжірибесінде қолданылып жүрген терминдердің едәуір бөлігі ғылым-білім, оқу-тәрбие, әлеуметтік-саяси салалардағы ежелгі сөздерді "жаңғырту" жолымен ж а с а л д ы .

Алайда, соңғы жылдары қазақ тілінің терминологиялық жүйесін әзірлеу белсенділігінің күрт өсуіне қарамастан, ұлттық нақыштағы терминдерді жасау кезінде қазақ тілінің ішкі ресурстары, лингвистикалық ғылымның жетістіктері барынша толық пайдаланылмай келеді. Қолданылып жатқан шаралар, жеткіліксіз болуда. Оның басты себептері: өзара әрекеттесетін екі негізгі фактордың - тілдік фактордың өсіре бағалануынан және тілдік емес (әлеуметтік, саяси, экономикалық, психологиялық, тарихи, географиялық, өзге де) факторлардың ескерілмеуінен тілдік ахуалдың қалыптасуы болып табылады.

### **3. Ұлттық терминологияны дамытудың негізгі міндеттері**

Ұлттық терминологияны дамытудың негізгі міндеттері мыналар болып т а б ы л а д ы :

1) қазақ терминологиясын реттеу. Бұл міндет - мемлекеттік іс болып табылады. Терминология туралы мемлекет тікелей қамқорлық жасамаған, өз тарабынан қажетті шаралар қабылдамаған, қаржыландыру және идеологиялық қолдау болмаған жағдайда оның орындалуы дүдәмал. Сондықтан Мемтерминкомның мәртебесі өзгертіліп, оның ережелері, міндеттері (термин жасау, өзгерту, реттеу, жүйелеу, қалыптастыру, жариялау, қолданыс аясын кеңейту, тұрақты қолдану, салалық, терминологиялық бюллетеньдер шығару және т.б.), құрылымы қайтадан қаралып, жаңа бағыттары белгіленген ресми орган ретінде бекітілуі қажет.

Бұдан басқа бүкіл ғылыми-шығармашылық мүмкіндікті, ғылым мен техника, өндіріс пен мәдениет салаларында нәтижелі жұмыс істеп жүрген қостілді әрі көптілді мамандарды осы проблема төңірегіне топтастырып, олардан әрбір сала бойынша авторлық және шығармашылық ұжымдар құру қажет.

Бұлардың қызметіне Мемтерминком басшылық етіп, салалық терминологиялық сөздіктер серияларын жасау мәселелерін шешуі, пәндер бойынша оқулықтар, анықтамалар дайындау жөнінде қажетті шаралар қабылдауы, оларға қаржы бөлу және авторларды ынталандыру мәселелерін ш е ш у і т и і с ;

2) салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, оларды өзгерту мен ауыстыруда қазақ тілінің қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа п а й д а л а н у ;

3) күн санап толассыз туындап жатқан терминологиялық ұғымдарға тілімізден дәл балама табуда да, сондай-ақ жаңа термин-атауларды жасауда да терминге тән нақтылықты сақтай отырып, олардың тілдегі қолданысында болатын белгілі бір шарттылықты мойындау;

4) терминдер мен атауларды қазақ тілінің негізгі ережелеріне, жазу дәстүріне с ә й к е с р е т т е у ;

5) туыстас түркі тілдерінің тәжірибесін назарға алу;

6) сөз құрау моделінің барлық түрінің термин құрайтын мүмкіндіктерін ашу;

7) баламасыз шетел терминдерін ұлттық тілдің дыбыс жүйесіне бейімдеу;

8) ғылымның нақты салаларына орныққан шығу тегі латын, грек, араб және т.с.с. халықаралық терминдердің белгілі бір көлемін қамтитын жеке сөздік ш ы ғ а р у ;

9) зерттеу процесінде қолданылатын әлемдік тәжірибені, туыстас тілдердің, интернационалдық терминдердің модельдері мен терминдік атауларын пайдалану, оларды қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктері мен ережелеріне с ә й к е с б е й і м д е у ;

10) орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминологиялық атауларды мүмкіндігінше қазақ тіліне аударып пайдалану, аударуға келмейтіндерін мағына жағынан сақтай отырып, грамматикалық тұлға жағынан қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне бейімдеп пайдалану;

11) терминография бойынша жұмыстарды дамыту;

12) терминология салалары бойынша жүргізілетін кешенді іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету.

#### **4. Терминологиялық жұмыстың басты бағыттары**

##### **Ғ ы л ы м и қ а м т а м а с ы з е т у**

Бұл бағытты қамтамасыз етудің негізгі құралдары мыналар болып табылады:

бекітілген терминдерді пайдалану әрі бір ізге түсіру жөніндегі жұмысты үйлестіру және оларды ұдайы жетілдіру;  
компьютерлік терминологиялық база жасау;

ғылым мен мәдениеттің салалары бойынша терминологиялық сөздіктер шығаратын жекелеген адамдардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, оқу орындарының қызметін үйлестіру мақсатында, сондай-ақ А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының картотекалық базасы негізінде тиісті түрде талдаудан кейін қазіргі заманғы сөздіктерді, салалық, салааралық екі тілді және

көп тілді терминологиялық сөздіктер, жинақтарын әзірлеу үшін  
Терминологиялық сөздіктер бас редакциясын құру;

басып шығаруға дайындалатын сөздіктер мен анықтамалардың  
қолжазбаларына білікті мамандардың сараптама жүргізуі және осы саланы  
терминологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын А.Байтұрсынов атындағы  
Тіл білімі институты жанындағы терминологиялық орталықта оларды талқылау  
және Мемтерминкомның отырысында мақұлдау;

бекітілген терминдерді насихаттау, терминологияның өзекті проблемаларын  
талқылау мақсатында жылына төрт рет Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетеньдерін шығару  
және оларды мемлекеттік органдар мен ұйымдарға, кітапханалар мен жоғары оқу  
о р ы н д а р ы н а т а р а т у ;

терминологиялық жұмыстың өзекті проблемаларының теориялық және  
практикалық аспектілеріне ғылыми зерттеулер жүргізу;

орталықтандырылған, ғылыми негізделген, ел Үкіметі бекітетін арнайы  
бағдарлама негізінде жоспарлы тәртіппен жүзеге асырылатын бірыңғай  
қағидаттарға сүйенген, қызмет жүйесіне айналуға тиісті терминологиялық  
шығармашылық.

### **Нормативтік құқықтық база**

Ұлттық терминологияны дамытудағы өзекті міндеттерді іске асыру жөніндегі  
шаралардың нәтижелілігі оларды нормативтік құқықтық қамтамасыз етумен  
тікелей байланысты. Осыған байланысты мынадай іс-шараларды жүзеге асыру  
к ө з д е л е д і :

1) терминологиялық жұмыстың құқықтық негіздеріне және Мемлекеттік  
терминология комиссиясы бекіткен терминдерді пайдалануға қатысты бөлігінде  
нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) қазақ терминологиясын жүйелендіру жөніндегі қызметтердің іс-әрекетін  
реттейтін нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу.

### **Ұйымдастыру іс-шаралары**

Тұжырымдаманы іске асыру оған мынадай іс-шаралар арқылы қолдау  
көрсетілген жағдайда ғана мүмкін болмақ:

термин шығармашылығы жүйесін қайта құрылымдауды қамтамасыз ету,  
тілдік және тілдік емес факторлардың өзара әрекеттесуін ескере отырып,  
Мемлекеттік терминология комиссиясының мәртебесін және міндеттерін  
б е л г і л е у ;

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология  
комиссиясының бекітуіне ұсынылған терминдерді алдымен салалық  
секциялардың не салааралық секциялардың отырысында мақұлдау;

салалық ғылымдар бойынша секциялардың жұмысын жандандыру,

терминдерге сараптама жүргізу үшін білікті мамандарды тарту, олардың жауапкершілігін күшейту, материалдық және моральдық ынталандыру; конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер өткізу.

## **5. Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтиже**

Тұжырымдаманы іске асырудан мынадай нәтижелер күтілуде:

Терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы мемлекеттік тілдегі термин шығармашылығының, терминжасамның жалпы бағыттарын белгілейді;

терминологияны біріздендіру, жүйелеу, жетілдіру, реттеу, стандарттау жөніндегі терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде осы Тұжырымдама негізге алынады;

Тұжырымдама негізінде салалық терминдердің, соның ішінде электрондық жеткізгіштердегі екі тілді және көп тілді түсіндірме сөздіктері шығарылады;

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы терминдерді қарау, бекіту кезінде осы Тұжырымдаманы негізге алатын болады.